

қалпына келтірумен аяқталды. Қазақ елін Ресей, Қытай, т.б. үлкенді-кішілі мемлекеттер де-юре, де-факто мойындады. Қазақ қоғамының элитасы отансүйгіш, азатшыл, интеллектуалдық әлеуетіне парасат-білікпен сүйене білгендіктен елдіктің, байлықтың, болашақтың негізі – жер аман қалды. Ресей мен Қытайға бодандық номиналды сипат шеңберінен шықпады, ал «бодан» Абылай хан жоғарыдан пәрмен сұрамай-ақ қырғыздарды Шу өзені аңғарына дейін қуды, Жизакқа дейін барды, Ташкенттен алым алып тұрды. Алпауыт державалармен сауда-саттық, экономикалық байланыстар орнатты. 1777 жылы «менің елшілерім Қытай, Парсы т.б. елдердің патшаларына, тіпті мен оларға бағынбасам да, еркін барып-келіп жүреді», деп жазғаны бар.

Соғыс қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың орналасуына, арақатынасына азды-көпті өзгерістер әкелді. Әйгілі қолбасшылар ханмен қатар деңгейге қойыла бастады. Сын сағатында бұлар ханнан да бұрын сөйлей алды. Қабанбайдың хан батыр атануы әсте кездейсоқтық емес. Соғысты жеңіспен аяқтаған қолбасшыға ғана лайық атақ бұл. Осы орайда тәнікті (аналог) қаперге сала кетуге болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында біраз қолбасшыға маршал атағы берілді. Солардың Берлинді алуға қатысқандары ғана «Жеңіс маршалы» атанды. «Хан батырдың» басты ерекшелігі жоңғарды түпкілікті жеңуге қосқан үлесін ұлықтауында.

Иә, қазақ хандары диктатор болған емес. Дала демократиясы мен гуманизмі олардың қолына шексіз билікті шоғырландырған жоқ. Осыны алға тартқан кейбір ғалымдарымыз қазақты хан басқармады, билер деуде. Қателесу. Ауызша тарихымыз бен әдебиетімізде билік вертикалының ұшар басында би де емес, батыр да емес, шешен де емес, хан отырған жоқ па. Демек, хандарымызды тұғырдан тайдырмайық.

Ақтабан шұбырынды мен хандар миссиясын зерделеуді тереңдете түсуіміз керек.

**ПРОФЕССОР ТАЛАС ОМАРБЕКОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН  
ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ  
(29.05.1948 – 06.12.2021)**

**Б.Б. Кәрібаев,**  
*ҚР ҰҒА академигі,  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті Қазақстан тарихы  
кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі, Әлеуметтік Ғылымдар академиясының академигі, эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті жанындағы «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерттеу орталығының» директоры, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, есімі елімізге кең танымал ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков көзі тірі болса бүгін 29 мамырда 76 жасқа толар еді. Тура бір жыл бұрын, дәл осы ғимаратта Тәкеңнің отбасы мен туыстарының қатысуымен әріптестері мен шәкірттері

және тарихшылар қауымы марқұмның 75 жылдығына орай «Гибратты ғұмыр» сериясымен «Талас Омарбеков» атты кітаптың тұсаукесерін ұйымдастырып, «Омарбеков оқулары» атты ғылыми конференция ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған еді. Сол шешімді жүзеге асыру мақсатында бүгін, 29 мамырда ғалымның туған күніне орайластырып және 31 мамыр елімізде – саяси қуғын сүргін және аштық құрбандарын еске алу күніне орай бүгінгі конференцияға жиналып отырмыз.

Ғалымның туған өлкесі - қасиетті Әулиеата өңірі тұнған тарих. Мұнда ежелгі және ортағасырлар тарихының адам сүйсінер және керемет таңданаралықтай тарихи ескерткіштер сақталып, бүгінгі күнге дейін жетіп, ұрпаққа рухани және тарихи жағынан қызмет етуде. Бір ғана Әулиеата өңірінің айшықты ескерткіштері - Айша бибі, Қараханның кесенелерінің өзі неге тұрады?! Өзіндік айшықты өрнегін бейнелейтін әйгілі Тараздың, кейінгі Әулиеатаның ерекше келбеті кімді болса да таңқалдырады. Осындай тұңғық тарихтан бастау алатын әулиелі мекенде дүниеге келген адамның тарихқа терең бойлап, оның құпия сырларын зерттеп, ғылым жолына түсуін заңдылық деп білеміз.

Жалпы, тарихымызда соңғы жылдары қалыптаса бастаған Тұлғатану бағытындағы зерттеу жұмыстарына қарасақ, жеке тарихи тұлғалардың қалыптасуындағы мынадай бір ортақ заңдылықты аңғарамыз. Туған өлке, ата-баба мен ата-ана қаны, отбасы тәрбиесі мен өскен ортасы – міне, осылар тұлғаға қажетті басты факторларға жатады. Осылардың ішіндегі әрбір фактордың өзіндік орны мен алатын орны бар. Сол факторлардың ішіндегі бастыларының бірі – туған өлкенің өткен тарихының ықпалы жатады. Бұл фактор болашақ тарихи тұлғаға дүние есігін ашқан кезінен бастап өз әсерін тигізе бастайды. Отбасындағы тәрбиемен қатар әке – шеше, ата-әженің, ауылдағы көне көз қариялардың туған өлкенің тарихы мен тұлғаларына қатысты әңгімелері, одан кейін мектептегі өлкетанушылық бағыттағы ұстаздарының берген білімі, осы айтылғандардың бәрі болашақ тұлға болар жастың санасына құйылып, жадын нығайтып, тұлғалық болмысының іргесін берік ете бастайды. Профессор Талас Омарбеков те тарихи тұнып тұрған көне Тараздың, қасиетті Әулиеатаның, Жамбыл өңірінің тумасы болғандықтан тұлғалық болмысының негізіне өңір тарихы әсер етеді.

Әулиеата өңірінің кейінгі жана замандағы тарихы да шым-шытырық, алуан түрлі ұлт-азаттық күрестеріне толы. Осы орайда профессор Талас Омарбековтың өзінің өмірбаяны да осы күрделі тарихтан тікелей бастау алады. Оның ата-бабалары Дулат тайпасының Шымыр руынан тарайтын Жанабай ру тармағының көрнекті, елге танымал тарихи тұлғалары болған еді. Осы рудан бүкіл қазаққа белгілі Абылайдың әйгілі жас батырларының бірі Мәмбет батыр және оның ұлы, коқандар зеңбірекке байлап атқан атакты Байзақ датқа шыққан. Ғалымның өзінің ата-бабасы да осы өңірге әйгілі болып, кезінде кеңестік-тоталитарлық жүйе көзін жойған ел кадрлейтін ру ақсақалдары еді. Қазір бұл өңір Байзақ ауданы деген атпен батырдың есіміне ие.

Талас Омарбеков 1948 жылы 29 мамырда Жамбыл облысы Байзақ (бұрынғы Свердлов) ауданы Ақжар ауылында дүниеге келген. 1954 жылы осы ауылдағы сегіз жылдық мектептің бірінші классына барады. Мектепті 1966 жылы аяқтап, тарихшы болуды армандаған Тәкен Алматыға, қазіргі Абай атындағы АГУ-ге келеді. Бірақ бірден жолы болмай, ауылына қайтып келеді де, трактористер курсың тәмамдайды және бір жыл ауылында тракторист жұмыс істейді. Келесі жылы сол оқуға қайта келіп, Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетінің сырттай бөліміне оқуға түседі. Бірінші курстың оқу қорытындысы бойынша сол кездегі ҚазПИ ректоры, профессор С.Е. Толыбековтың бұйрығымен бірден күндізгі оқу бөлімінің екінші курсына ауыстырылады. Институтты орта мектептегі «тарих пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша 1971 жылы бітіріп шыққан.

1971 жылдан басталған тарихшы-ұстаз қызметінде жүріп, институттың тарих факультетінде ортағасырлар тарихына маманданғандықтан және өзі де осы тұнған тарихтың ордасында қалыптасып, азамат болғандықтан, ол алғашқы күндерден бастап Тараз өңіріндегі ортағасырлық елді мекендерді айналдықтап, өзінің орта мектептегі шәкірттерін де туған тарихқа деген құштарлық сезімге баулып тәрбиелейді.

Бүгінгі Байзақ ауданының Терістік және Шахан ауылдары 70-ші жылдардың басында Талас Омарбековтың осындағы әйгілі ортағасырлық камал Оххумды (Оқымды) зерттеген, онда қазба жұмыстарын жүргізген зерттеушілік әрекетінен жақсы хабардар. Ол осындағы Талас өзеніне қойындасып жатқан, бұрын ғалымдар назарынан тыс қалып келген үш дербес қорғандардан тұратын Терістік төрткүліне де алғашқы қазба жұмыстарын жүргізген еді. Мұның өзі жас ұстаздың алғашқы талпыныстарын Таразда облыстық музей қызметкері А.Поповтың, Алматыда әйгілі археолог К.Ақышевтың қолдауларының арқасында ғана мүмкін болды. Осының нақты көрінісі ортағасырлық Оххум қаласының тарихына байланысты Талас Омарбековтың «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында жарық көрген алғашқы тарихи-зерттеу мақаласына Кемел Ақышевтың ұнамды пікірі айтылып, сәт-сапар тілеуі еді. «Алтын адамды» әлемге әйгілі еткен бұл ғалымды бүгінде Қазақстаннан тыс аймақтағылар да жақсы біледі.

Мектеп мұғалімі Талас Омарбеков 1972 жылдан бастап республикалық баспасөз беттерінде тарихты орта мектепте оқыту әдістеріне және жас ұрпақты тарихпен тәрбиелеуге арналған мақалаларын көптеп жариялады. Бірнеше жылда оның жазған мақалаларының саны онға жетеді. Жап-жас ұстаз еңбегі бағаланып, 1974 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» деген әйгілі белгімен марапатталды. Осылайша, болашақ профессор 1971-1975 жылдары аралығында орта мектептерде тарих мамандығы бойынша жұмыс жасап, өзінің мамандығы бойынша жас ұрпақты тәрбиелеуге бел шеше кіріседі. Жас, іскер, алғыр, мұғалім қай ұжымда болмасын ең алдымен, өзінің білімділігімен, мәдениеттілігімен бірден көзге түсе бастайды.

Талас Омарбековтың бір ерекшелігі, ол еңбек еткен ауылындағы мектептің жоғары сыныптарында оқитын оқушыларды қатыстыра жүріп,

ауыл жанындағы төбешіктерге, қорғандарға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді де, одан табылған артефактілерден мектепте тарих музейін ұйымдастыра бастайды. Жас мұғалімнің осы бастамасын мектеп басшылығы қолдайды да, оны оқу ісі бойынша өзіне орынбасар (завуч) етіп алады. Көп ұзамай мұғалім Омарбеков есімі аудан басшылығына дейін жетеді де, Тәкеңді аудандық партия комитетіне жұмысқа шақырады. Сол кездегі қатып қалған тәртіп бойынша одан бас тартуға болмайтын еді. Тәкең партия мүшесі болмаса да, райкомға нұсқаушы (инструктор) болып орналасады. Содан кейін партияға мүшелікке өтеді. Осылайша, Талас Омарбеков өзінің өмір жолында жаңа кезеңге бет бұрып, білім беруші мен тәрбиелеуші мекемеден басқарушы мекемеге ауысады. Сөйтіп, әлі 30 жасқа тола қоймаған Тәкең 1975-1977 жылдары аспирантураға түскенге дейін Байзақ аудандық партия комитетінде жауапты қызметте болды.

Аудандық партия комитетіндегі нұсқаушылық жұмыс 2-3 жылда Талас Омарбековке отбасылық материалдық жағдайды шешуге көмектеседі, бірақ райкомдағы жұмысы оны рухани жағынан қанағаттандырмайды. Ол өзіне ғылым жолы – ең дұрыс жол деген қағиданы санасына сіңдіріп, соған қарай бет бұруды көздеп жүреді. Сол мақсатпен қатарынан бірнеше жыл бойы бағын сынап Алматыдағы ҚазПИ-дың аспирантурасына түсуге талпыныс жасайды. «Тама берсе тамшы да тас жаралды» дегендей, ақыры жолы болып, 1977 жылы аспирантураға түседі.

Сөйтіп өз өмірін тарих ғылымымен байланыстыруға біржолата шешім қабылдаған жігерлі де, арманшыл Талас Омарбеков 1977 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына қабылданады. Ғалым үшін бұл мүмкіндік кәсіби тарихшы болып қалыптасуға жаңа серпіліс туғызды. 1980 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасын бітірген соң, 1980-1989 жылдары барысында ҚазПИ-дың тарих факультетіндегі кафедрада оқытушылық жолын жалғастырады.

Талас Омарбеков 1982 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады да, білімділігі мен біліктілігінің арқасында ғылыми ортаға кең таныла бастайды. Бастаған ісін жеріне жеткізбей тынбайтын ғалым бірден көпшілік ықыласына бөленеді. Әсіресе, Қазақстан Коммунистік партиясының басшылығында болған өзгерістерге сәйкес Қазақстан тарихын жанаша, қайта жазу туралы әңгімелер көтерілген жылдар ғалымның бағын ашуына ықпал болады.

Аудандық партия комитетінде қызмет жасап жүрген кезінен бастап, Талас Омарбеков елдегі саяси жүйені, ондағы билікті, басшылықты, жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдерін іштен танып біле бастайды да, одан бірте-бірте жііркене бастайды. Оның ғылым жолына тез кетуінің бір себептері осында жатса керек. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының екінші жартысындағы жариялылық пен демократиялық бағыттағы өзгерістер оның санасына қатты әсер етеді. Өткен ел тарихына деген көзқарастың өзгеруіне сол жылдары Одақ көлеміндегі орталық басшыларда жарияланған ғылыми-көпшілік сипаттағы мақалалар, ғылыми-танымдық мақалалар, ең бастысы саяси

жүйеге қатысты шетелдерде жарық көрген саяси тақырыптардағы жұмыстар қатты ықпал етеді.

1989-1991 жылдары шындық пен әділеттілікті ту етіп ұстанған ғалым Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтына қызметке шақырылып, партия тарихының құпия мұрағаттардағы материалдарын тереңдете зерттеуге мүмкіндік алады. Сондағы материалдар арқалы күшпен ұжымдастыру жылдарындағы жантүршігерлік зобалаңдарды әшкерелейтін салмақты да негізді ғылыми материалдар жазып, жариялауға белсене кіріседі. Осындай ізденістің екпінмен «Қазақ әдебиеті» газетіне «Голошекин геноциді» атты көлемді дүниені оқырмандар назарына ұсынып та үлгерді. Бұл еңбек Партия тарихы институтының басшылығы мен кейбір жекелеген қызметкерлерінің наразылығын тудырды. Алайда, партияның билігі тұғырдан таймаған кезде оның саясатын қаралап, мақала жазу қазақ зиялыларының бәрінен бірдей қолдау таба қойған жоқ. Әсіресе, бұл еңбекте тұңғыш рет 1931-1933 жылдардағы аштық кезінде аштан қырылған 2 млн. аса қазақтың санын нақтылай түсетін деректердің жарық көруі сол тұстағы кейбір партия қызметкерлерінің наразылығына туғызды. Нәтижесінде, саяси қысым жұмсартқан «жариялылық пен демократия» жылдарының өзінде Т.Омарбековке ашықтан-ашық қысым жасалып, мұндай зерттеу мақалаларды жазуға болмайтындығы ескертіле бастады.

Сол кездердегі жағдай туралы Талас Омарбековтың ісіне байланысты құрылған комиссияның төрағасы болған белгілі философ – ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсәттаров Тәкеңнің табандылығына риза болады. Комиссия заман талабына сай Тәкеңді ақтап шығады. Т.Омарбековтың сонда «Халықтың шынайы тарихын қалай жазсам, болашақта да солай жаза берем» деп айтқан сөзі бүгінде көпшілікке мәлім.

Бұл мәселенің ұшықпаны сондай, оған «Егемен Қазақстан» газеті араласып, тарихшы ғалымға принципті түрде ара түсіп, оны қорғады. Қазақ даласындағы аштық және күшпен ұжымдастыру мәселесі ғалымның кейіннен жарық көрген «Тарих тағылымы не дейді? (М.Қойгелдиевпен бірге)», «Зобалан», «Қазақстан қасіреті» атты іргелі зерттеулерінде және т.б. еңбектерінде жан-жақты, ұлттық мүдде тұрғысынан тереңдете зерттелді. Бұл кітаптардың маңыздылығы сол, онда бұрыннан әңгіме болған қазақ байларын тәркілеу мәселесі жаңа қырынан қойылып, қазақ байларының ауылдағы тарихи тұлғалар ретінде орны мен маңызы, олардың құпия мұрағат қорында сақталған жеке құжаттары негізінде жаңаша баға алған. Сонымен бірге тарихымызда бұрын айтылып жүргендей көшпелі қызықтарды күштеп отырықшыландырудың шын мәнінде пайдасынан, зиянының әлдеқайда көп болғанын нақты деректерге сүйене отырып, дәлелден береді. Әсіресе, ең маңыздысы бұрын тарихи әдебиетте ауызға алынбайтын 1929-1931 жылдар аралығында Қазақстанда орын алған қазақ шаруаларының тоталитарлық жүйеге қарсы күресі алғаш рет ғылыми түрде жан-жақты зерттелді. Осы еңбектердің арқасында қалың қазақ жұртшылығы

Батпаққара, Ырғыз, Созак, Балқаш, Сарқанд, Абыралы, Шыңғыстау аймақтарында және т.б. елді мекендерде орын алған қазақ шаруаларының қантөгіске толы көтерілістерінен хабарлар болды. Ең маңыздысы сол – Талас Омарбеков бұл көтерілістерге тұңғыш рет ұлт-азаттық қозғалысы деген жаңа баға берді. Тағы бір қуанатымыз, зерттеушінің тынымсыз еңбегінің арқасында осы көтерілістерге қатысқан, халық орталарынан хан көтерген, елге сыйлы әрі қадірлі көптеген тарихи тұлғалар тәуелсіз тарихымызға қаһармандар ретінде енді.

1931-1933 жылдардағы ашаршылықта қанша қазақтың босқыншылыққа ұшырап, басқа елдерге көшіп кеткенін және осы зобалаңда 2 млн. 200 мыңнан астам қазақтың қырылғанын ғылыми тұрғыдан деректер негізінде нақты дәлелдеп берген де осы Талас Омарбеков болды. Ол бұрын зерттеушілерге белгісіз Қазақстанның халық шаруашылығы есебі басқармасының төрағасы М.Саматовтың және оның орынбасары Л.Мацкевичтің Мәскеуге және Қазақстан басшысы Л.Мирзоянға жазған нақты хаттарының негізінде және кезінде И.Сталин жариялауға тиым салған 1937 жылғы бүкілодақтық халық санағының есептеріне, сондай-ақ жыл сайын жүргізілетін салық санағына талдау жасап, осындай тиянақты қорытындыларға келген еді.

1989 жылдан бастап осы тақырыпты тереңдете зерттеген ғалым қазіргі кезде осы бағытта көптеген шәкірттер тәрбиелеп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Сонымен қатар Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ақпарат құралдары үшін тарихи тақырыпта еңбектер жазуда Т.Омарбеков белсенділік көрсетті. Осы жылдары ол «Ақиқат» журналының бөлім меңгерушісі, жаңадан ашылған «Қазақ тарихы» журналының қызметкері, әрі редакциялық алқа мүшесі, «Қазақ әдебиеті» газетінің тарихи тақырыптарға байланысты ғылыми кеңесшісі қызметтерін жоғарғы оқу орындарындағы оқытушылық қызметтерімен қоса атқарды.

1991 жылы осы Институт таратылған соң, Талас Омарбеков әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне доценттік қызметке ауысып, 1991-1995 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде еңбек жолын жалғастырды.

Көп жылға созылған жүйелі зерттеудің үлкен қорытындысы ғалымның 1994 жылғы докторлық дәреже алу үшін академик К.Нұрпейісовтың ғылыми кеңесшілігімен диссертация қорғауы еді. Диссертациялық жұмыс «Қазақ шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру» тақырыбына арналды.

Ол 1995-1996 жылдары Алматы теміржол транспорты институтының (М.Тынышпаев атындағы транспорт және коммуникация академиясы) ректорының арнайы шақыруымен «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1996-2011 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Жоғары оқу орындары оқытушыларын қайта даярлау және біліктілікті арттыру институтында кафедра меңгерушісі, тарих факультетінің Деректану және тарихнама кафедрасының профессоры міндетін атқарады. 1997-99 жылдары ҚазҰУ

жанындағы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беретін диссертациялық кеңестің алғашқы төрағасы болды.

2001 жылдан тарих факультетіндегі «Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып, ізденіс жолын жалғастырды. Атынан көрініп тұрғандай, бұл кафедра қазақ халқының бұрынғы қалыптасу тарихын әртүрлі қырынан зерттейтін мамандарды топтастырған. Оларды ғылыми жұмысқа бағыттап, оқытушылықпен зерттеу қызметін ұштастыра жүргізуді талап ететін де осы Талас Омарбеков. Ғалымның өзі де осы бағытта тынбай ізденіп, бұрын өзі 70-ші жылдардан бастап қолға алған ортағасырлар тарихы мәселелерін нақты зерттеуге көңіл бөлді.

2003 жылы демеушілердің көмегімен қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттейтін «Алаш» тарихи-зерттеу орталығын ұйымдастырды.

Т.Омарбеков қазақ тарихының ең бір осал тұсынан саналатын қазақты құраған ру-тайпалардың ежелгі тарихын жүйелі түрде зерттеп, жазып шығу тәрзіді ауыр да күрделі міндетті жүзеге асыруға ден қойды. Осы ғылыми орталықта бүгінгі күні қазақтың белгілі тайпалары - «Арғын», «Найман», «Дулат», «Жалайыр», «Тама», «Табын» және т.б. монографиялық іргелі тарихи жарық көріп, оқырман қолына жетті.

Бір топ талантты тарихшыларды ортақ мүддеге біріктірген бұл орталықта Т.Омарбековтың ғылыми жетекшілігімен халқымыздың тарихының бүгінгі күнге дейін қолға алынбай келген этникалық мәселелерін тереңдете қозғайтын «Алаш» тарихи-зерттеу журналы жарық көргеніне де біраз уақыт болды. Онда әсіресе, қазақ ру-тайпаларының ежелгі тарихы, халқымыздың өткенінде орын алған әртүрлі этнонимдардың қыры мен сыры тиянақты түрде зерттеліп, ұлттымыздың мүддесі тұрғысынан тың да жаңа ғылыми топшылаулар мен тұжырымдар жасалуда. Кезінде Шәкәрім қажы қозғаған, М.Тынышпаев және Н.Аристов тәрзіді талантты зерттеушілер індете зерттеген және бүгінгі күні әр ауылда жазылып жатқан қазақ шежіресінің ғылыми түрде қайта талдануына және объективті баға алуына осы «Алаш» орталығы үздіксіз ат салысып келеді. Қалың қазақтың көкейінде жүрген тарихи сұранысы қанағаттандыратын халыққа керек мұндай зерттеулердің аса маңыздылығын айтып жатудың өзі де артықтау болар.

Зиялы қауымның көптеген өкілдері қазірдің өзінде осы «Алаш» тарихи-зерттеу орталығында өздерінің ата-бабасының арғы тамырларын анықтап алуға зор мүмкіндіктер алды. «Жеті атасын білмеген ер жетім, жеті ғасыр тарихын білмеген ел жетім» деген даналық мақалды жарық жұлдыздай ұстанған қазағамыз дәстүрлі тарихымыздың қалпына келтірілуіне аса қуанышты.

Талас Омарбековтың еңбектері арасында оның байырғы бабасы Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарихи мұраларын зерттеуге байланысты ізденістері бір төбе. Оның бұл бағыттағы зерттеулері кезінде кенеттен қайтыс болған тарихшы ұлы Шыңғыспен бірігіп жазған «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбегінде біршама

жинақталып берілген. Оқырмандар бұл зерттеулерден ұлы тарихшының «Тарих-и Рашиди» мұрасының қазақ тарихы үшін аса құнды екендігін, бұл еңбектің шын мәнінде қазақ мемлекеттілігінің – Қазақ хандығының тарихи бастауларын және саяси негіздерін айқындап беретін бірден-бір ерекше орнын айқын байқайды.

Кезінде Моғолстан деген атпен әйгілі болған Қазақстанның оңтүстігіндегі және Жетісудағы мемлекеттік құрылымының қазақ мемлекеттігін қалыптастырудағы орны мен ролі бұрын мұншалықты айқын айтыла қойған жоқ еді. Сонымен бірге Шағатай ұлысынан бастау алатын бұл өңірдегі қазақты құраған тайпалардың белсенді іс-әрекеті, олардың мемлекеттік билікке ықпалы дәл осы зерттеулерде анықтала түсті.

Осы орталықтан ғалымның жетекшілігімен және авторлық қатысуымен «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» жобасы бойынша 30 томнан тұратын монографиялық еңбектер жарық көрді. Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша да ғалымның жетекшілігімен және авторлығымен «Қазақтың этникалық тарихы» ғылыми жобасы негізінде 9 томнан тұратын еңбектер баспадан шықты. 2011 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Голодомор в Казахстане: причины и истоки», ал, 2013 жылы «Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры)», «Қазақ түркілерінің шығу тегі» (IX-XIV ғғ.) атты монографиялар жарық көрді.

Профессор Талас Омарбековтың көп қырының біріне, оның Ғылыми және оқытушы педагог кадрлар дайындауға да белсенді атсалысуы жатады. Ғалымның тікелей жетекшілігімен 31 ғылым кандидаты, 7 ғылым докторы, 3 PhD дайындалды. Кафедрада оның жетекшілігімен 2007-2008 оқу жылынан бастап Phd бағдарламасы бойынша философия докторын дайындау қолға алынды. Көз майын тауысып, көп жылдар бойы тарихымыздың қыры мен сырын зерттеуге өзінің талантымен жанқиярлық еңбегін сарп еткен зерттеушіміз Талас Омарбековтің еңбегі ескерусіз қалмады.

Ғалым Италияның Турин, Неаполь және Венеция университеттерінің, АҚШ-тың Майами және Йель университеттерінің, Қытайдың Гонконг университетінің, Жапонияның Хоккайдо университетінің, Түркияның Мимар Синан университетінің профессорларымен тығыз ғылыми байланыстар орнатты.

2007 жылы ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, 2008 жылы Байзақ ауданының «Құрметті азаматы», 2009 жылы Елбасының жарлығымен «Құрмет» орденімен, 2011 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» арнайы белгісімен марапатталды. Ал 2021 жылдың желтоқсан айының басында, қайтыс болардан бірнеше күн бұрын ол мемлекет басшысының жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды. 2013 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның жанынан «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерттеу орталығы» ашылып, жұмыс жасай бастады. Бұл ғылыми Орталық аз ғана

жылы ішінде тікелей Т.Омарбековтың басшылығымен бірнеше томнан қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне арналған ғылыми кітаптарды жарыққа шығарды. Профессор Талас Омарбеков осы ғылыми – зерттеу орталығының директоры қызметін атқара отыра, студенттерге қазақ тарихының өзекті мәселелерінен элективті курстар оқуға баса көңіл бөлді.

Профессор Талас Омарбековтың алға қойған ғылыми жоспарлары мен арман-мұраттары көп болатын. Өкінішке орай, 2021 жылы 6 желтоқсан күні бүкіл әлемді жайлаған ковид пандемиясының тырнағы профессор Талас Омарбековты арамыздан іліп әкетті. «Ғалымның хаты өлмейді» деген қағидаға сай Т.Омарбековтың артында мол мұрасы қалды. Оның еліне, халқына, тарих ғылымына жасаған еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес. Бүгінгі өткізіліп отырылған бірінші «Омарбеков оқулары» атты халықаралық деңгейдегі конференция оны еске алу мен оның еңбектерін насихаттауға арналған атқарылар көп шаралардың бірі және алғашқысы деп білемін.

Біз өз тарихымызды терең біліп, санамызға сіңірген сайын профессор Талас Омарбеков сияқты зерттеуші тарихшылардың еңбектеріне әлсін-әлсін оралып отыратын боламыз. Оның еңбектері өзінің шынайылығымен және деректік құндылықтарымен ерекшеленеді. Сондай-ақ тарихымыздағы көптеген өзекті мәселелерді түбегейлі қайта қарауымен де ерекшеленеді. Мұндай еңбектердің қазақ халқының келесі, жана ұрпақтарына, тарихшылардың жана буын өкілдеріне берері мол.

**The Potato and the Kazakh:  
The Origins of the Colonization of the Kazakh Steppe  
(An Essay in Comparative History)\***

**Uli Schamiloglu**  
(Nazarbayev University &  
University of Wisconsin-Madison)

*0. Introduction*

The purpose of this paper is to outline what I believe is a neglected factor underlying one of the most important phenomena in the history of Central Asia in the 19th-early 20th centuries, namely the in-migration of Slavic and German agriculturalists into territories inhabited by Kazakh pastoral nomads. It goes without saying that this movement of population had enormous implications for modern Kazakh history as well as for other areas that experienced Russian colonization in the late 19th-early 20th centuries (notably Siberia). As far as I

\* This paper was originally presented at the 4th annual meeting of the Central Eurasian Studies Society (Harvard University, October 2-5, 2003). It was the first meeting of CESS away from its birthplace at the University of Wisconsin-Madison. I never got around to revising this paper for publication, but, sadly, I now understand why: I needed to wait to submit it to the memorial volume in honor of my late dear friend and colleague, Professor Talas Oмарбеков. He was a great specialist in the history of Kazakhstan and it has special meaning for me—now as a professor at Nazarbayev University in Astana, Kazakhstan—to be able to offer this modest contribution to honor his memory.